

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.ІІ, Ч.ІІ. - Б. 6-8

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Абзелбек А.А., 1 курс студент

іС.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Тарих сахнасына Алашорда үкіметін алып келген жалпы ұлттық күрестің басында ұлт зиялылары тұрды. Олардың ортақ түсінігі бойынша, отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқасты болған ұлттық мүддені қорғап, Қазақ елін өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жол – ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді.

Жетпіс жылдан астам уақыт жүріп өткен тарихи жолымыз көрсетіп бергендей, қоғамқайраткерлері тәуелсіз дербес мемлекет құру жолын таңдай отырып, қателескен жоқ. Ұлттық қанау мен ұлттық теңсіздік болған жерде езілген елдердің табиғи талаптары мен мүддесін қорғайтын саяси институттарға сұраныс та қалыптаспақ. Осы негізде пайда болған мемлекеттің саналы түрде жалпы ұлттық мұраттарға қол жеткізуді көздейтін шараларды іске асыруы да табиғи нәрсе, ал «Алаш» партиясының өмірге келуі де тарихи қажеттіліктен туған еді [1, 2 б].

Ғасыр басындағы қазақ зиялылары ұлы істерге жұмылдырған, қоғамдық - саяси, шығармашылық ізденістеріне негіз қалаған ұлттық идеяның бастау бұлағы – біріншіден, туған халқының бұлыңғыр болашағы, жан төзгісіз ауыр халі, екіншіден, қайшылыққа белшесінен батқан Ресейде либерализмнің күшеюі, үшіншіден, әлемде ұлт - азаттық қозғалысының жандануы еді. Осылардың мәні мен міндеттері 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы тұсында жүйеленіп, отарлық езгіге қарсы күрестің жаңа түрлері дүниеге келді. 1905 жылғы революция қазақ қоғамы үшін саяси интеллектуалдық белес екенін С.Сейфуллин де айтқан болатын.

Ұлттық идеяның тоқ етер түйінін табуға 1 және 2 Мемлекеттік Думаға қазақтан депутат сайлау септігін тигізді. Оған реакциялық күштердің шабуылы да тосқауыл қоя алмады. Ақыры өлкенің саяси мәдениетіндегі ілгерілеу танымдық интеллектуалдық бәсі жоғары да қымбат шепке жеткізді. Біріншіден, қазақ халқы үшін өзекжарды ұлттық идея, екіншіден, сол тұстағы барша отарланған Шығыста кәдеге жарайтын әмбебап прогрессивті идея туды [2, 11 б].

Зиялылардың көш басында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сынды білімді азаматтар тұрды. Алаштың ардақты ұлдары дербес мемлекеттілік орнатуды, тәуелсіздікті ту етті. Аласапыран кезеңде өлкеде өмір сүріп жатқан барша ұлттардың басын біріктіріп, ел болып қалудың саяси амалдарын қарастырған табанды тұлғалар Алаш автономиясын құрды [3,107б]. XX ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары өздерінің саяси қызметінде ұлттық,

сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық алу жолындағы күресінде көмектесуге ұмтылды, әрбір адамның және әрбір халықтың жеке бостандығына құқығы мен бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізуі сияқты жалпы адамзаттық қазыналар үшін күресті. Қазақ зиялылары 1905 жылдан бастап, осы мақсатта дала өңірінде қызу қызмет жүргізді. Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді.

Қазақ зиялыларының бүкіл қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады. Ұлттық

«Қазақ», «Қазақстан» газеттерінің, «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдары мен басқаларының беттерінде олар тек білім ғана өркениетті дүниеге жол ашады, қазақтардың ұлт ретінде сақталуына көмектеседі деп, қазақ халқын білім алуға шақырды. Қазақтілі мен әдебиетінің дамыту проблемалары жөнінде араб графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінің тұңғыш талантты реформаторы, «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914) Жаңа әліпбиі» (1928) атты қазақтың тіл ғылымында емес, бүкіл ғылыми түркітану әлемінде де жаңашылдық деп саналған еңбектердің авторы А. Байтұрсынов көптеген мақалалар жазды [4, 206 б].

А. Байтұрсынов оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. Оның қазақтар үшін өз алфавитін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп оқулықтар жазуына да, тыңнан жол салып, бай терминология дүниесін жасауына да, тіпті қоғамдық әкімшілік істеріне араласуына да алып келген – өзі дйттеген ағартушылық мақсаты деуге болады. Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен жасаған істері тек оқу - білімге шақырумен тынбайды. Ол қазақ даласындағы мектептердің жайын, бала оқытудың жолдарын газет - журналдар беттерінде нақтылы сөз етеді [5, 13 б].

А. Байтұрсынов ағартушылық қызметін Алашорда үкіметі кезінде де, Қазан революциясынан кейін де ешбір тоқтатпаған. «Алашорда» кеңесінің оқу - ағарту жайындағы комиссиясының председателі болып, қазақ халқының жаппай сауатын ашып, білім беру программасын жасайды. Ал, 1919 жылдардан кейін кеңес үкіметі тұсында да, әсіресе алғашқы кезеңде қазақ даласында оқу - ағарту ісінің экономикалық жағынан әлде де қиыншылық кешіп отырғанын, ол үшін не істеу керек екендігін «Қызыл Қазақстан»,

«Жаңа мектеп» сияқты журнал беттерінде білдіріп отырған [6, 15 б].

Ахмет Байтұрсынов зерттеуші Александр Затаевичке бірнеше ән жаздырған композитор, домбыра, скрипка тартқан, фотографиямен айналысқан, кезінде күреске де түскен палуан, бір сөзбен, жан-жақты өнерпаз, ұлт мәдениетінің бәйтерегі. Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт - арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған [7, 14 б]. Алаш арыстарының ортасында тұлғасы толық, тұрманы түгел, тұйғындай түлеп, алтын оттай жайнаған дауылпаз үнді өршіл

ақын, жалынды көсемсөзші, сан қырлы сарабдал саясаткер, әмбебап білімпаз Міржақып Дулатов еді. Міржақып Дулатұлының мейлінше кемел, байтақ, телегей әдеби - ғылыми шығармашылық еңбегі сан алуан сырларымен, түйінді тұжырымдарымен, оюлы – ойлы оралымдарымен рух, тіл, сезім, көңіл байлығымен өзгешеленеді.

Алаш ардақтысының буырқанған ойынан, ғұламалық зердесінен, даналық кеудесінен толқындап туған көсемсөздері, әдеби көркем сөздері, зерттемелері газет журналдарда жарық көрді. Кемел ойлы кемеңгердің ұлттық рух, мемлекетшілдік, елдік сана, ұлттық тіл, мәдениет, өркениет, ғылым, ұлт баспасөзі, саясат, тұлғатану мәселелеріне қатысты шалқыған сара ой - пікірлері тәуелсіздік тұсында өзектілігімен, көкейтестілігімен ерекшеленеді. Сондай – ақ интеллектуалдық мәдениеті, ойлау қабілеті, көркемдік дүниетанымы аса жоғары саңлақ әдеби жанрлардың гүлденіп көркеюіне үлгілі үлес қосты [8, 34 б].

М.Дулатов «Оян қазақ» деп қазаққа дабыл қаққан кейін, М.Сералин демократияшыл зиялыларды, либерал ниеттегі студент жастарды іс жүзінде топтастырып, олардың наза-ры мен жігерін жалпы ұлттық проблемаларды шешуге шоғырландыра білген. «Айқап» патша өкіметінің реакциясынан кейін қазақ қоғамын оятты, «Қазақ» газеті оның жақсы дәстүрлерін жалғастырып жаңа биікке көтерді. М.Сералинмен қатар, Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин, С.Торайғыров журналдың рухани жетекшілеріне айналды. «Айқап» төңірегіне әртекті қазақ демократияшыл зиялыларының, талантты студент жастардың өкілдері топтасты. Журналға А.Ғалымов, М.Жолдыбаев, Т.Жомартбаев, М.Кашимов, Қ. Кемеңгеров, М.Ж. Көпеев, А.Мұсағалиев Б.Сыртанов, С.Лапин, Н.Манаев және басқалары белсене қатысып тұрды.

Журнал беделінің өсуіне бастапқы кезеңде оның жұмысына А.Байтұрсынов, М.Дулатовтың қатысуы себепші болды. Дала өлкесінің қалың жұртшылығы кейіннен қазақ мәдениетінің, әдебиетінің аса көрнекті қайраткерлеріне айналған дарынды тұлғалар: С.Сейфуллин, Ш.Құдайбердиев, Б.Майлин, С.Дөнентаев, С.Торайғыров, М. Жұмабаевтардың шығармашылығымен танысуға мүмкіндік алды [9, 69 б].

Алаш зиялыларының идеялары сан ғасырдан тәуелсіздікті аңсап келген ата - бабаларымыздың арманымен астасып жатыр. Бүкіл ғұмырларын күреспен өткізген арыстарымыздың қолы жетпеген тәуелсіздікке бүгінгі күні біз қолымызды жеткізіп отыр-мыз. Сондықтан да Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси, құқықтық ой-пікірді дамытуға қосқан үлестері, ұлт болашағы үшін әр бағытта атқарған ерлік істері мәңгілік халық жа-дында сақталады.

Азаттықты армандаған алаштықтарды ұмытпауға шақырған, сол арқылы кешегі тарихты, бүгінгі бірлікті ойлаған Елбасының аманатын бәріміз бір кісідей қағидатқа айнал-дыруымыз қажет, сонда ғана ұлттың ұлы мұраттары жүзеге асады. Қазақ көшін әлемдік өркениеттің биік шыңына өз жолымен жетелейді. Бүгінгі таңда Қазақ елі тәуелсіз мем-лекет ретінде танылып, ұлттық мемлекетіміздің әлемдік үрдісте тарихи және саяси орны айқындалып жатқан тұста ұлт зиялыларының қазақ халқының бостандығы мен еркіндігі жолында жұмсаған ерен еңбектерін жарыққа шығару - әрбір

қазақ азаматының парызы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ошақбаева Ж. Қазақ зиялыларының арманы // Руханият, 2015, 12 ақпан.
- 2 Шәукенов Ж. Қазақ зиялыларының саяси идеялары // Қазақ тарихы, 2016, № 2, 11 б. Сабыров С. Қазақстан тарихы, Алматы, 2002, 107 б.
- 3 Қалиев С. А. Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарастары. Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. Алматы, 1992, Б.193-208.
- 4 Әнесов Ғ. Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы, Алматы, 1992, 13 б. 6 Әнесов Ғ. Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы, Алматы, 1992, 15 б. 7 Дүйсенбаев Е. Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол, Алматы, 1991, 14 б.
- 5 Негимов С. Жаңашылдығының бір қыры – ғылыми поэзияның үлгісін жасағандығында // Аңыз адам, 2013, № 3, 34 б.
- 6 Bukeykhanov A., Dulatov M., Baytursun A., Ryskulov T. Kazakh on Russians before 1917 // Society for Central Asian Studies. Reprint series. No. 5.-Oxford, 1985.

Ғылыми жетекшісі: тар.ғ.к., қауымдастырылған профессор м. а., Л.Т. Джумалиева